

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ**ӘОЖ 165.12**
МРНТИ 15.21.41**DOI: <https://doi.org/10.37788/2024-1/13-23>****Ш.К. Абаева¹, А.К. Кундузкаинова²**¹Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты № 62 Нәзір Төрекұлов атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Қазақстан²Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан*(e-mail: turdibekova91@mail.ru)**Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды даярлаудың теориялық негіздері****Аңдатпа**

Негізгі мәселе: Мақалада жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға мамандарды даярлаудың философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жүргізу арқылы оны дамытудың өзекті бағыттары айқындалды. Қазіргі кезде жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытудағы мамандарды даярлаудың педагогикалық-психологиялық мәселе болып табылатыны көрсетіледі.

Мақсаты: жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды даярлауды теориялық тұрғыдан нақтылау және технологиясын ұсыну болып табылады.

Әдіс-тәсілдер: Зерттеу жүргізу кезінде айтарлықтай түсінікті және сенімді болатын статистикалық деректерді қарастыру маңызды болды. Сондықтан біздің зерттеу аясында бақылау және ашық сұрақтар қарастырылған В.Э.Мильманнның әдістемесі, сауалнама, сараптамалық бағалау әдісі, әңгімелесу, сұрау, сұхбат алу, тестілеу сериясын қолдандық.

Нәтижелер және олардың маңыздылығы: Әдістемелердің нәтижесіне сәйкес әлеуметтік зияттылықтың орташа деңгейінің басым болуы, білім алушылар бойынан төмендегідей белгілерді көруге мүмкіндік берді: кәсіби мінез-құлықтың, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың әлеуметтік маңыздылығы бар екендігі, жалпы курс барысындағы теориялық білімдердің толық деңгейдегі меңгерілуі, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас жақсаруынан көрінді, рефлексиялық мәдениеттің болуы өз кезегінде аса құнды деп есептейміз.

Болашақ педагог-психолог мамандардың ой-өрісін дамыту, оқыту мен тәрбиелеу, шығармашылық қызметке дайындау оқытушының әдістемелік сауаттылығына, ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастыру біліктілігі мен даярлығына байланысты. Өздігінен білім алуға деген қажеттіліктер мен дағдылар өзінен-өзі пайда болмайды. Мұндай қасиеттер мектепте оқып жүргенде-ақ мұғалім мен оқушылардың сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарда бірлесіп отырып, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үрдісіне қалыптаса бастайды.

Болашақ педагог-психолог маманның кәсіби дайындығының міндеттеріне сәйкес оқытудың белсенді әдістері - проблемалық дәріс, семинарлар, пікірталастар және талқылаулар, кәсіби бағытталған арнайы курстар, курстық және дипломдық жұмыстар, мектеп педагогикасы мен дидактикасы мәселелерін ғылыми зерттеу, ғылыми ұйымдастырылған үздіксіз педагогикалық тәжірибе сияқты оқу іс-әрекетінің формаларында жүзеге асырылады. Педагогикалық іс-әрекетті меңгеру нәтижесінде болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби уәждері қалыптасады, мақсат және міндеттерді түсіну пысықталады, жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үшін қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық және дидактикалық-әдістемелік білімдер, сондай-ақ оларға сәйкес дағдылар мен біліктер игеріледі.

Түйін сөздер: педагог-психолог маманы, жеткіншек кезеңі, танымдық іс-әрекет, кәсіби дайындық, жоғары оқу орны, болашақ мамандарды даярлау.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары», «Жүз нақты қадам» бағдарламасында [1] «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» деген,

нақты тапсырма міндеттесе, «Қазақстан 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [2] «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтарымен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» деп болашақ мамандарды сапалы, саналы дайындау мәселесін атап көрсетті. Осы міндеттерді шешудің басты тетігі жан жақты дамыған, мамандығына сай кәсіби құзіреттілігі, жауапкершілігі, парызыдылығы жоғары тұлғаны дайындау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жоғары білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты еліміздің әлеуметтік экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын, кәсіби құзіретті, жан жақты дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп нақты көрсетілген.

Осыған қатысты педагогикалық еңбектерге талдау жасай отырып, жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды дайындау мәселесін, оқу тәрбие үдерісін өркендету, кәсіби білімді жоғары мамандарды даярлау, педагогты кәсіби дайындау мәселелеріндегі, ғылыми педагогикалық, ғылыми психологиялық әр жақты шешімді дәйектеудің теориялары Ұ. Арынғазин, Б. Әбдікәрімұлы, А.Р. Ерментаева, Е.Ө. Жұматаева, С.Т. Карген, Б.Т. Кенжебеков, А.Құсайнов, А.Молдажанова, Ж.Меңлібекова, Ж.Намазбаева, П.Б. Сейітқазы, Р.К. Төлеубекова, Ә.Ә. Усманов, Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан, Қ.Қ. Шалғынбаева сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанын байқадық.

Жаңа өркениетке қадам басқан біздің еліміз үшін қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

Қазіргі заманғы педагогикалық білім беру мәселелерін қарастыра отырып, бүгінгі таңда оны жетілдіру, сапасын жақсарту, одан әрі дамыту және түбегейлі жаңартылуда. Осыған байланысты, кәсіби педагогикалық білім беруді дамытудың екі бағыты бар екенін білуге болады: дәстүрлі ұйымдастыру бағыты және қоғамдық талаптар сипатында педагогтың тұлғасындағы нақты өзгерістерді есепке алатын инновациялық стратегия бағыты.

Педагог-психолог мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру стратегиясы оқу-тәрбие үдерісін басқарудың саналы-жүйелі ұйымдастырылуын ұсынады. Педагог-психолог маманның өзіндік тұлғасы жүйелік ұйымның бірінші элементі болып табылады. Оның жеткіншекке, өзіне қарым-қатынас позициясы өзгереді. Педагог-психолог маманы тек тәртіптік-пәндік білімді насихаттаушы, ақпарат тасымалдаушы, нормалар мен дәстүрлерді сақтаушы ретінде ғана емес, сонымен қатар жеткіншектердің жеке тұлғасын біліміне қарамастан сыйлайтын, тұлға болып дамуы мен қалыптасуына ықпал етуші болады.

Екінші компонент-мектепте игерілетін білімнің құрылымы мен функциясын, сондай-ақ оларды игеру үрдісінің ұйымдастыру тәсілдерін өзгерту. Ол әртүрлі формада ұйымдастырылатын таным құралы болып танылады.

Қайта ұйымдастырудың үшінші маңызды компоненті - жеткіншектің өз табиғатын және тұлғасын дамытуды бірінші жоспарлау, онымен тек қана оқу-жаттығудың топтық түрлері, бірлескен қызмет, өзара әрекеттесу формаларының әртүрлілігі ғана емес, сонымен қатар ұжымдық субъектіден жеке даралық қалыптасуына, тұлғааралық қарым-қатынас және байланысқа бағытталуына байланысты.

Төртінші компонент бағалаудың жазалаушы басым рөлінен бас тартумен байланысты. Бұл қазіргі заманғы мектепте оқыту үшін, жеткіншектердің жеке бейімділігін, қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамыту үшін маңызды болып табылатын оқу жағдайын басқаруды қайта ұйымдастырудың көптеген маңызды аспектілері болып табылады [3].

Бірқатар жұмыстар барысында оқыту компоненттерінің дайындық құрамындағы арақатынас, бұл критерий оқыту іскерлігінің педагогикалық тәсілдері туралы айтып, объективті түрде қандай мүмкіндіктер беретіндігін зерттейді. Болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау мәселесіне арналған бұл зерттеулер орта мектептегі оқу үдерісін педагогикаландыру міндеттерін шешуге, бұл болашақ педагог-психолог мамандардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары (Ю.В.Еремин, Ф.Ш.Мұстафина, Т.М.Скрипникова, Ш.А.Амонашвили, Е.И.Воробьева, Л.В.Макар, М.И.Маркина, және т.б.) ғалымдар мен әдіскерлер педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру мүмкіндіктерін, оларды жаңа педагогикалық тәсілдерді меңгерту болашақ педагог-психолог маманның оқыту қызметінің құрылымы туралы білімін толықтыру және оның нәтижелілігін қамтамасыз ететін арнайы біліктерді қалыптастыру қажеттілігімен байланыстырады. Бұл:

Біріншіден, сабақта педагогикалық өзара іс-қимыл үдерісін ұйымдастыру және басқаруда педагог-психолог мамандардың жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруі төмендігі; Студенттердің, практиканттардың, жас мамандардың оқыту қызметін бақылау, оқу үдерісінде бітірушілер мен тағылымдамадан өтушілердің негізінен қажетті, бірақ жеткілікті емес, білім беру қызметі негіздерінің білімін кәсіби меңгеру компоненті ретінде қалыптасқандығы туралы айтады.

Екіншіден, кәсіби-педагогикалық білім берудің принциптерін жаңартуға және мақсаттарын жаңа көзқараспен түсіндіруге болады. Педагог-психолог мамандарды дайындауға қажетті заманауи кәсіби бағыт беру үшін ЖОО-да болашақ педагог-психолог мамандардың оқыту үдерісінің кәсіби компонентінің жаңа мазмұнын:

1) Педагогикалық ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісіне арнайы педагогикалық білім мен іскерлікті қолдана отырып, педагог-психолог маманның кәсіби қызметінің функционалдық моделін;

2) Болашақ кәсіби қызметті орындауға психологиялық және уәждемелік дайындығының қажетті деңгейін;

3) Болашақ педагог-психолог мамандарды оқытудың жаңа тәсілдерін кәсіби меңгерудің негізгі аспектілерін;

4) Педагогикалық жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде элективті дайындық курстарының мазмұнын;

5) Инновациялық технологиялардың тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ кәсіби меңгеруді оқытудың ұйымдық нысандарының жүйесін;

6) болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби іскерліктерін тиімді меңгеруін қамтамасыз ететін жағдайларды анықтауды әзірлеу қажет [4].

Кәсіптік-педагогикалық білім - үздіксіз білім беру жағдайында жас ұрпақты өмірге дайындаумен тығыз байланысты сала ретінде қоғамның дамуындағы заманауи білім беру үрдістерін іске асырудың маңызды міндеттерін шешу бойынша жауапкершілікті өзіне алуы тиіс. Бұл саладағы негізгі тұлға болып білім беру және тәрбиелеу құралдарының барлық арсеналына ие мұғалім, шығармашылық тұлға, тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында жеткіншектердің оқу уәждемесі мен танымдық іс-әрекетін дамытуға қабілетті, өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін жетілдіруге ұмтылған педагог-психолог маманы болып табылады және әрқашан солай болып қалады.

Психологиялық еңбектерге талдау танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесінің көптеген қырларын ашып берді, оның ішінде тұлғаны субъект ретінде қарау мәселесін көтерді. Психолог-ғалымдардың жетістіктері жеткіншектердің танымдық әрекетін қалыптастыру мен дамыту үрдісін толық сипаттауға үлес қосып, бүгінгі таңғы талаптарға сай педагогикалық зерттеулерге негіз болады.

Жоғары сынып оқушыларының балалықтан ересекке өту шағы жеткіншектік кезең болып саналады. Р.В.Овчарованың тұжырымдамасы бойынша, жеткіншектік кезең өтпелі, сыни жетілу кезеңі болып сипатталады. Жеткіншектік кезеңнің психологиялық дамуындағы қиыншылықтары төмендегідей:

1) Өзіндік сананың, өзіндік бағалаудың қалыптасуы жетілмеген тұлға;

2) Мінез-құлықтың интенситі қалыптасуы мінез-құлық акцентуациясы;

3) Ересектік сезімі-эманципация реакциялары;

4) Жеке қарым-қатынастар (басты іс-әрекет)-топтау реакциясы;

5) Белсенділік пен әлеуметтік маңыздылыққа қажеттілік-компенсация, гиперкомпенсация реакциясы;

6) Сыни көзқарас-негативизм, қарсы шығу реакциясы;

7) Танымпаздық, өзін-өзі тексеруге қажеттілік- қашу, қаңғыбастық, ассоциалды мінез-құлық;

8) Жоғары эмоционалдылық-тиімді мінез-құлық, сәтсіздіктер, агрессия [5].

Жеткіншектік кезең көптеген жағымды факторлармен ерекшеленеді: баланың өз бетіншелігі өседі, басқа балалар мен ересектер арасындағы барлық қатынастар неғұрлым көп жақты әрі мағыналы бола бастайды, оның іс-әрекет сферасы айтарлықтай кеңейеді және біршама өзгереді, өзіне басқа адамдарға деген жауапкершілігі артады. Маңыздысы, осы берілген кезең бала өзін қоғамның мүшесі ретінде саналы қатынасының шынайы қалыптасуының жаңа әлеуметтік позицияға шығумен ерекшеленеді.

Жеткіншектік кезеңге байланысты көптеген функционалды зерттеулер, болжамдар және теориялар бар. Олардың қатарына: С.Холл, Ш.Бюллер, Э.Штерн, Э.Эриксон, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконина, Л.И. Божович және т.б. Олардың көпшілігі бірі-біріне сәйкес келмейді, жеткіншек психологиясы саласында төңірегінде көрініс табады.

Жеткіншектік кезеңді психологияда алғаш ашып, психологиялық ерекшеліктерін сипаттаған және онымен байланысты мәселелерді ашатын концепцияны ұсынған, өтпелі кезең психологиясының әкесі атанған С. Холл жеткіншектік кезеңді адамзат тарихындағы романтизм кезеңіне сәйкес келіп, хаос кезеңін жандандырған деген көзқараста болды. (адамның табиғи ұмтылыстары әлеуметтік өмірдің қажеттіліктерімен беттесетін кезеңі). Оның көзқарасынша, жеткіншекке тән қыры мінез-құлқының қарама-қайшылығы. Ол жеткіншектің шамадан тыс белсенділігі қажуға, өте жоғары көтеріңкі көңіл-күй немесе оның төмендеуімен алмасады, өзіне деген сенімділік, сенімсіздікпен, эгоизм альтруизммен, танымпаздық ақыл-ой бейжайлылығымен және т.б. алмасады.

Бұл жас кезеңнің негізгі ерекшелігі дамудың барлық жақтарын қамтитын шұғыл, сапалық өзгерістер. Анатомиялық және физиологиялық қайта құрылу фонында психологиялық дағдарыс өтетін жасерекшелік кезең. Жеткіншектік кезең өзінің өмірлік әрекетіндегі қарама-қайшылық мәселе сипаттамаларын ұғыну, өзінің өміріндегі мәселелік сапаны бойына сіңіру үшін өте синсетивті кезең болып келеді. Осының арқасында адамның рефлексия қабілеттері дамиды. Рефлексия бұл өзін-өзі терең танудың үздіксіз жолы, жеке адамның өз өмірінің белсенді субъектісі ретінде тану. Бұндай тану адамның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіруге алып келеді. Неғұрлым әр түрлі позицияларды бағаласа соғұрлым қалыптасқан жағдайды дұрыс бағалап, дұрыс белсенділік жолына түседі.

Болашақ педагог-психолог мамандарды практикалық қызметте жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға кәсіби даярлаудың міндеттерін шешу екі маңызды мәселені зерттеумен анықталады:

а) педагог-психолог маманның заңдылықтарын, принциптерін және оның негізгі аспектілерінің мазмұнын білумен қарулануын, мектептің білім беру үрдісінің практикалық жағдайында оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби дайындығын зерттеу;

б) жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту мақсатында болашақ педагог-психолог мамандарды оқытуда педагогикалық бағыттылықты күшейтудің кәсіби-негізделген қажеттілігін әзірлеу келесі мәселелерді туындатады:

1) болашақ педагог-психолог мамандарды оқытудың кәсіби-бағытталған үдерісін тұрақты күрделенетін міндеттер мен сәйкес жағдайлар жүйесі ретінде құру мәселесі;

2) проблема жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үшін жаңа педагогикалық білімді жобалау мен қолдануда болашақ педагог-психолог мамандардың өздігінен кәсіби даярлау сапасын арттыру мәселесі;

3) жеткіншектер өздерінің практикалық іскерлігінде танымдық іс-әрекетін дамытуды қалыптастыру жағдайын тиімді жоспарлау және қолдану, педагог-психолог маманның кәсіби дайындығының осы компонентін нақтылау мәселесі [6].

Біздің ойымызша, педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби-педагогикалық даярлығының тиімділігіне жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үдерісін ұйымдастыру біліктері мен практикалық меңгеруін білудің белгілі бір тәуелділік деңгейі бар. Теориялық зерттеудің объектісі ретінде жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды даярлау үдерісі жеткіліксіз және әлі де өзінің тұтас теориясы жоқ.

Педагог-психолог мамандардың кәсіби дайындығын жетілдіру туралы мәселеде, оларды дайындау мен жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін және одан әрі өз білімін ынталандырудың маңызды факторы ретінде қарастыру қажет.

Зерттеудің логикасы мен міндеттерін түсіну мақсатында біз болашақ педагог-психолог мамандарын даярлау кезінде кәсіби білімнің маңызды элементтеріне жатқызамыз:

- оқытудың негізгі тәсілдерін меңгеру;
- оқыту үдерісін ұйымдастыру мен кәсіби білімі мен іскерліктерін басқару;
- мұғалімнің оқыту қызметінің негізгі түрлерін білу және т.б.

Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандардың кәсіби даярлық және басқа да мәселелерінің зерттелуінің жеткіліксіздігі, олардың біліктілік сипаттамаларын, жалпы мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру үдерісін тежейді. Бұл мәселелердің кәсіби тұрғыдан маңыздылығы мен оларды қарастыру қажеттілігін Ф.Н. Гоноболін бірнеше рет атап өтті. С.Ф. Шатилов, К.И. Саломатов, З.И. Цырлина, О.Э. Михайлова, Г.В. Рогова, С.В. Кондратьев және т.б. қарастырды.

Осылайша, жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға және жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үдерісінің өзін түсіндіруге педагог-психолог мамандардың кәсіби даярлығының жоғарыда сипатталған мәселелерінің әзірленбеуі, болашақ педагог-психолог мамандарды дайындауда осы аспектіні әзірлеу қажеттілігі осы зерттеудің маңыздылығына себепші болады.

Педагог-психолог өзінің мектепте болған жылдарында әрбір оқушының тиімді және нәтижелі оқу жұмысына қолдау көрсететін танымдық іс-әрекетті дамытуды қамтамасыз етуі тиіс және ол болашақта өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі жетілдіруге негіз болады. Осыған байланысты педагог - психолог заманауи жағдайда табысты кәсіби қызмет үшін танымдық іс-әрекетті дамытудың негізгі жолдары мен әдістерін білуі қажет. Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарын дайындау үдерісін әзірлеу, қоғамның осы бағытқа өз дайындығын белсендіруге, сондай-ақ осы қайта құрудағы білім беру практикасының қажеттілігіне негізделген білім беру ортасындағы қайшылықтарды зерделеумен байланысты.

Үздіксіз білім беру жағдайында жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды дайындау үдерісін зерттеу кешенді сипатқа ие және келесі негізгі сұрақтардың шеңберін қамтиды:

- жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды дайындау үдерісінің түсінігі мен мәнін анықтау;
- кәсіби педагогикалық білім беру жағдайында осы үрдісті жүзеге асырудың негізгі ерекшеліктерін айқындау;
- зерттелетін үдерістің теориялық және әдістемелік негіздерін әзірлеу;
- осы бағытта педагог-психолог мамандарды кәсіби даярлау үдерісінің барлық компоненттерін іске асыру.

Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарын даярлау белгілі бір жүйе болып, өзара байланысты элементтер мен факторлардың жиынтығын қамтиды, бұл жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарды даярлау үдерісінің мазмұнын түсіну үшін кейбір жүйе ретінде оның мәнін қарастырамыз. Философиялық тұрғыда жүйелі көзқарас арнайы-ғылыми таным және әлеуметтік тәжірибе әдіснамасының бір бағыты болып табылады, оның негізінде объектілерді жүйе ретінде зерттеу жатыр [7]. Осыған орай, арнайы педагогикалық жүйелерді және оларға сәйкес үдерістерді жобалау жүйелі көзқарас тұрғысынан іске асырылуы тиіс.

Решетова З.А. қазіргі ғылымдағы жүйелік тәсілдеме жаңа зерттеу пәні мен оны сипаттау тәсілін ашады деп санайды; пән туралы білімнің құрылымын, ғылымның ұғымдық құрылысын, ғылыми ойлау стилін өзгертеді. Сондықтан жүйелілік туралы түсінік қазіргі заманғы ғылыми түсініктердің маңызды аспектісіне айналып отыр [8].

Біздің зерттеуіміз үшін В.Г. Афанасьевтің қазіргі заманғы таным мен басқару тәжірибесінің маңызды ерекшелігі - мәселелер өздігінен жүйелі, кешенді сипатқа ие болған кезде, басқару тәжірибесі басқа бірде-бір ғылым саласының шешіміне байланысты болмайдытындығы туралы пікірі маңызды болып табылады [9].

Уемов А.И. жүйелік тәсілдің ең маңызды белгілеріне жатқызылуы мүмкін: объект туралы түсінік белгілі бір тұтастық ретінде, яғни қоршаған ортамен және өзінің құрылымдық компоненттерімен белгілі бір қатынаста болатын жүйе, - деп санайды [10].

В.В. Дружинин және Д.С. Конторов жүйелік тәсілдің маңызды міндеттерінің қатарына мыналарды жатқызады: зерттелетін және конструкцияланатын объектілерді жүйе ретінде ұсыну құралдарын әзірлеу; жүйенің жалпыланған модельдерін, әртүрлі класстардың модельдерін және жүйелердің ерекше қасиеттерін құру және т.б. [11]. Қазіргі уақытта педагогикада жүйелік тәсілді қолдану мүмкіндігі дәлелденген деп санауға болады. Кез келген

жүйелерді зерттеуде, әсіресе білім беру саласында, жүйенің сипаттамаларын ескере отырып, қазіргі уақытта оны немен ғана байланысты шектеуге болмайды, жүйенің динамикасын, оның болашаққа ұмтылысын ашу, жүйені оның даму перспективасы тұрғысынан түсіну қажет.

Осыған байланысты жоғары білім беру саласында оқытудың мазмұны мен әдістемесіне, сондай-ақ жалпы кәсіптік-педагогикалық даярлықтың зерделенетін үрдістері жүйесіне ерекше өзгерістер енгізетін жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарын даярлау ерекше маңызға ие болады.

Әдіс-тәсілдер

Болашақ педагог-психолог мамандарды даярлауда қолданылатын оқыту әдістері мен құралдарындағы теория мен практиканың өзара байланысы - проблемалық оқытуда, пікірталастарды ұйымдастыруда, педагогикалық жағдайларды модельдеуде, теорияны және теорияны қолдануды талап ететін осындай оқу тапсырмаларын қолдануда, теориялық және практикалық оқыту үдерісінде зерттеу әдістерін қолдануда, педагогикалық міндеттерді шешуде, практикалық тапсырмалардың арнайы кешендерін орындауда көрінеді.

Зерттеу жүргізу кезінде айтарлықтай түсінікті және сенімді болатын статистикалық деректерді қарастыру маңызды болды. Сондықтан біздің зерттеу аясында бақылау және ашық сұрақтар қарастырылған сауалнама, сараптамалық бағалау әдісі, әңгімелесу, сұрау, сұхбат алу, тестілеу сияқты әдістер сериясын қолдандық.

Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау мәселесін зерттеуде бір сұрақ, бірақ әр түрлі респонденттерге арналған тапсырмалар түрінде қарастырылды.

Нәтижелер және олардың маңыздылығы

Зерттеу жұмысы жеткіншектердің танымдық іс-әрекетінің дамытуға педагог-психолог мамандарын даярлау эксперименттік зерттеу жұмысы арқылы жүзеге асырылды. Еуразия гуманитарлық институтының «Педагогика және психология» мамандығының 2-3 курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді.

ЖОО жағдайында болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау мазмұнын зерттеу барысында келесі мәселелер ескерілді:

- жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлаудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

- оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау, болжамды нәтижелерді анықтау;

- зерттелетін үдерістің моделін әзірлеу және алынған нәтижелерді талдау.

Зерттеу барысында алынған мәліметтерді талдау және жинақтау барысында:

- болашақ педагог-психолог мамандарды жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әзірленген үлгісінің әрбір компонентіне қатысты ақпарат;

- мазмұны, әдістері;

- модельді жүзеге асыру барысында болашақ педагог-психолог мамандарды оқытудың формалары мен құралдары;

- қаралатын үдерістің нәтижелері мен тиімділігі;

- жеткіншектердің мотивациясы мен мінез-құлықтары қарастырылды.

Болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау моделін іске асырудың проблемалық мәселелерін қарастыру кезінде оны іске асыру барысында туындайтын оған қатысты проблемалық мәселелер ескерілді, олардың қатарына: жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау үдерісінің тиімділігін арттыру; жалпы модельді және үдерісті іске асыруды оңтайландыру жатады.

Зерттеу жұмысы жеткіншектердің танымдық іс-әрекетінің дамытуға педагог-психолог мамандарын даярлау эксперименттік зерттеу жұмысы арқылы жүзеге асырылды. Еуразия гуманитарлық институтының «Педагогика және психология» мамандығының 2-3 курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Эксперименттің қорытынды кезеңі барысында болашақ педагог-психолог мамандардың педагогикалық білімін, іскерлігін және дағдыларын бастапқы бақылау жүргізілді.

Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлаудың моделін әзірлеуге көшпесбұрын, оның қазіргі даму кезеңіндегі ЖОО тәжірибесіндегі проблеманың жағдайын анықтау қажет болды.

Зерттеу жүргізу кезінде айтарлықтай түсінікті және сенімді болатын статистикалық деректерді қарастыру маңызды болды. Сондықтан біздің зерттеу аясында бақылау және ашық сұрақтар қарастырылған сауалнама, сараптамалық бағалау әдісі, әңгімелесу, сұрау, сұхбат алу,

тестілеу сияқты әдістер сериясын қолдандық. Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау мәселесін зерттеуде бір сұрақ, бірақ әр түрлі респонденттерге арналған тапсырмалар түрінде қарастырылды.

Сонымен, ЖОО-ның педагогикалық мамандықтарының студенттеріне сауалнама жүргізу әдісі жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үрдісінің негізгі ұғымдарын, тиісті педагогикалық қызметтің уәждерін, осы жұмысқа деген қызығушылықтың деңгейін, оны жүзеге асырудың түрлі әдістері мен нысандары туралы ақпараттандыруды, осы қызмет түрі бойынша педагогикалық білімді кеңейту үшін мұғалімдер қолданатын құралдарды; ЖОО-да болашақ педагог-психолог мамандарын дайындаудың әртүрлі әдістері мен формаларының тиімділік дәрежесін анықтайтын сұрақтардың блоктарын қамтиды.

Сараптамалық бағалау әдісі студенттердің жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту және осы дайындықты өзіндік бағалау бойынша педагогикалық қызметке дайындығы туралы түсініктерін көрсететін; болашақ педагог-психолог мамандардың педагогикалық білімі мен іскерлігін дамытудың тиімді әдістерін айқындайтын; осы жұмыстың дағдысының сатысы туралы білімдерді анықтайтын; жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту проблемасына жеке іс-әрекет дәрежесін сипаттайтын мәселелерді қамтыды.

Біздің зерттеуде қолданылатын педагогикалық практика кезінде студенттердің қызметін бақылау әдісі сауалнама жүргізу және интервью әдістерімен бірге олардың педагогикалық білімдерінің ғана емес, сонымен қатар іскерліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Байқау барысында біз жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандарды даярлау үдерісіне іс-әрекетін ынталандырудың әр түрлі тәсілдерінің тиімділігін белгіледік. Ал студенттердің педагогикалық тәжірибесі кезінде бақылау әдісі және әңгімелесу әдісі жеткіншектердің сабақ пен сыныптан тыс сабақтарда танымдық іс-әрекетін дамыту үшін студенттердің өздері қолданатын түрлі тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді. Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға болашақ педагог-психолог мамандардың дайындық деңгейін анықтау үшін оның нақты даму деңгейі туралы түсінікке ие болу керек, сондықтан зерттеу барысында бізге болашақ педагог-психолог мамандардың зерттеу үдерісін жүзеге асыруға дайындық деңгейі туралы нақты мәліметтер алу маңызды болды.

Анықтау эксперимент барысында сұхбат әдістемесі қолданылды. Сұхбат әдісі болашақ педагог-психолог мамандарды жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға даярлау негіздерін зерттеуге қызығушылығының болуын, педагогикалық білім сапасымен қызығушылықтың байланысын, жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту проблемаларына іс-әрекеттің даму динамикасын көрсететін сұрақтарға жауап алуға көмектесті.

Зерттеу барысында алынған жауаптар негізінде болашақ педагог-психолог мамандардың бойында зерттелетін қасиеттердің қалыптасу деңгейлері анықталды. Олар өлшемдер мен көрсеткіштердің арақатынасын (төмен, орташа, жоғары) бейнеленеді. Педагогикалық тәжірибе кезінде студенттер бос орындарды толықтырып, әртүрлі ақпарат көздеріне жүгінуге тура келді. Зерттеу барысында олардың әртүрлі ақпарат көздеріне жүгінуге жиілігі және осы көздерде психолог жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту бойынша сұрақтардың жарықтандыру деңгейіне қатынасы зерттелді.

Студенттер осы қызмет түрін жүзеге асыру үшін деректер үнемі пайдаланатын көздерде (оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдар) жеткіліксіз екендігін атап өтті. Осылайша, зерттеу болашақ педагог-психолог мамандардың қажеттіліктері мен психолог жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға нақты дайындық арасында елеулі сәйкессіздік байқалатынын көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу барысында педагогикалық мамандық студенттері арасында келесі сұрақтар блоктарын қамтитын әлеуметтік сауалнама жүргізілді:

- жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту үдерісіне олардың дайындық дәрежесі;
- ЖОО-да алған жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамыту бойынша білім мен іскерліктің жеткіліктілігі (немесе жетіспеушілігі);
- ЖОО-да оқу кезінде болашақ педагог-психолог мамандарды даярлаудың әртүрлі әдістері мен формаларының тиімділік дәрежесі; болашақ педагог-психолог мамандардың педагогикалық қызметтің осы түріне іс-әрекет дәрежесін анықтауға мүмкіндік бергендігі.

Болашақ педагог-психолог мамандардың барлық компоненттер бойынша жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға дайындық көрсеткіштерін талдау эксперимент жүргізу кезінде эксперименттің қалыптасушы кезеңін өткізу үшін эксперименталды және бақылау топтарын іріктеу кезінде талабы сақталғанын көрсетеді.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің қорытындысы педагогикалық мамандық студенттеріне ұсынылған тапсырмалардың орындалуын талдау арқылы жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименталды жұмыс барысында эксперименталды топтарда базалық компоненттер бойынша жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға студенттердің дайындық динамикасы байқалды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты - болашақ педагог-психолог мамандардың өзіндік іс-әрекетінің субъектісі болуы. Біз оқу жоспарына енгізген элективті курс аяқталғаннан кейін өзіндік іріктеп алынған әдістемемізді бақылау және эксперимент топтарына қалыптастыру экспериментінен кейінгі өзгеріс нәтижелерін талдау мақсатымен қайта жүргіздік. Соның нәтижесінде В.Э. Мильманның жеткіншектердің мотивациялық құрылымының диагностикасын анықтау әдістемесі арқылы педагог-психолог мамандардың негізгі компоненттеріне: мотивациялық, мазмұнды және операциялық компоненттерге сәйкес дайындығын қалыптастыру бойынша қорытынды эксперимент нәтижелерін ұсынамыз.

Кесте 1 – Топтардың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі психодиагностикалық әдістемелердің нәтижелері

Танымдық Іс-әрекет компоненті	Деңгейлері	Студенттердің танымдық іс-әрекет компоненттерінің даму динамикасы %			
		Тәжірибелік топ	Бақылау топ	Тәжірибелік топ	Бақылау топ
		Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
Мотивациялық-	Төмен	12,40	13,43	8,27	12,40
	Орташа	9,30	8,27	12,40	10,33
	Жоғары	9,30	9,30	10,33	8,27
Мазмұндылық	Төмен	11,37	10,33	6,20	9,30
	Орташа	12,40	12,40	11,37	11,37
	Жоғары	7,23	8,27	13,43	10,33
Іс-әрекеттік	Төмен	11,37	12,33	7,24	10,33
	Орташа	11,3	11,37	13,43	12,40
	Жоғары	8,27	7,27	10,33	8,27

Берілген суретте экспериментке дейін және эксперименттен кейін екі топта «жалпы өмірлік бағыттылық профилі» бойынша пайыздық көрсеткіште айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Дегенмен аталған профилде сурет бойынша төмендеу байқалса, ал «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі бойынша суретте жоғарылау байқалады. Эксперименттен кейін «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі төмен деңгейден орташадан жоғары деңгейге көтерілген. Экспериментке дейін және эксперименттен кейін екі топта «жалпы өмірлік бағыттылық профилі» бойынша пайыздық көрсеткіште айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Білім алушы мотивациясы неғұрлым жоғары болған сайын әлеуметтік зияттылық та деңгейі арта түспек. Бұл тұста біз кәсіби мотивациясының көтерілу тенденциясын ескереміз. Қалыптастыру экспериментті барысында сабақ жоспарлары, топтағы дұрыс ахуал, белсенді түрде жүргізілген жұмыстар өз нәтижелігімен ерекшеленді деп айта аламыз.

Әдістемелердің нәтижесіне сәйкес әлеуметтік зияттылықтың орташа деңгейінің басым болуы, білім алушылар бойынан төмендегідей белгілерді көруге мүмкіндік берді: кәсіби мінез-құлықтың, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың әлеуметтік маңыздылығы бар екендігі, жалпы курс барысындағы теориялық білімдердің толық деңгейдегі меңгерілуі, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас жақсаруынан көрінді, рефлексиялық мәдениеттің болуы өз кезегінде аса құнды деп есептейміз.

Қорытынды

Болашақ педагог-психолог мамандардың ой-өрісін дамыту, оқыту мен тәрбиелеу, шығармашылық қызметке дайындау оқытушының әдістемелік сауаттылығына, ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастыру біліктілігі мен даярлығына байланысты. Өздігінен білім алуға деген қажеттіліктер мен дағдылар өзінен-өзі пайда болмайды. Мұндай қасиеттер мектепте оқып

жүргенде-ақ мұғалім мен оқушылардың сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарда бірлесе отырып, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үрдісіне қалыптаса бастайды.

Қазіргі педагогикалық үдеріс жағдайында кәсіби білім беретін болашақ педагог-психолог мамандар-педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерінің жиынтығы, қоғамдық үдеріс, дәстүрлі элементтердің үйлесімі мен тәжірибе, қоғамды ізгілендіру мен демократияландыру болып табылады. Жеткіншектердің танымдық іс-әрекетін дамытуға педагог-психолог мамандарын даярлаудың теориялық және практикалық аспектілерін әзірлеу, педагог-психологтың педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектепте оқыту үдерісін жетілдіруге тікелей әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «100 нақты қадам» бағдарламасы, 2015 жылғы 20 мамыр. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>.
- 2 Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Астана. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs.
- 3 Борисова П.В. Особенности познавательной активности старшеклассников в образовательном процессе: На примере различных типов образовательных учреждений: Дисс.. к.п.н. / П.В.Борисова. - Санкт-Петербург, 2004. - 206 с.
- 4 Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации РК. - Астана, 2005. <https://pandia.ru/text/77/354/873.php>.
- 5 Овчарова, Р.В. Практическая психология образования: учеб.пособие.- М.: Академия, 2008. - 446 с.
- 6 Махмутов М.И. Развитие познавательной активности и самостоятельности учащихся в школах Татарии / М.И.Махмутов. -Казань: Татариздат, 1963. - 80 с.
- 7 Матюхина М.В., Иванова Т.Ф. Мотивация достижения и настойчивость современных школьников \\ Воспитание школьников. -М., 1992. 62-73 с.
- 8 РешетоваЗ.А. Психолог-педагогические основы профессионального обучения. -М.1985. – 207 с.
- 9 Афанасьев В.Г. Общество: системность, познание и управление. - М., 1981. -180 с.
- 10 Уемов А.И. Системный подход и общая теория систем. - М., 1978. 272 с.
- 11 Дружинин В.В., КонторовД.С. проблемы системологии (проблемы теории сложных систем). – М., Педагогика, 1986. -151 с.

REFERENCES

1. Program of the President of the Republic of Kazakhstan «100 concrete steps» dated May 20, 2015. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100> [in Russian].
- 2 Strategy "Kazakhstan-2050" a new political course of the established state. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs.
- 3 Borisova P.V. (2004). Features of cognitive activity of high school students in the educational process: Using the example of various types of educational institutions: Diss. Ph.D. / P.V. Borisova. - St. Petersburg, 206 [in Russian].
- 4 Concept of continuous pedagogical education of a new formation teacher of the Republic of Kazakhstan. -Astana, 2005.[in Russian]. <https://pandia.ru/text/77/354/873.php>
- 5 Ovcharova, R.V. (2008). Practical psychology of education: textbook. - M.: Academy, – 446. [in Russian].
- 6 Makhmutov M.I. (1963). Development of cognitive activity and independence of students in schools of Tatarstan / M.I. Makhmutov. -Kazan: Tatarizdat, 80. [in Russian].
- 7 Matyukhina M.V., Ivanova T.F. (1992). Achievement motivation and perseverance of modern schoolchildren \\ Education of schoolchildren. -M., 62-73. [in Russian].
- 8Reshetova Z.A. (1985) Psychologist-pedagogical foundations of vocational training. - M. -207. [in Russian].
- 9 Afanasiev V.G. (1978) Society: consistency, cognition and management. - M., 1981. - 180. [in Russian].
- 10 Uemov A.I. Systems approach and general systems theory. -M., 272. [in Russian].

11 Druzhinin V.V., Kontorov D.S. (1986) problems of systemology (breakdowns in the theory of complex systems). –M., Pedagogy, -151. [in Russian].

А.К. Абаева^{1*}, А.К. Кундузкаирова²

^{1*}Общеобразовательная средняя школа № 62 имени Назира Торекулова управления образования города Шымкент, Казахстан

²Инновационный Евразийский университет, Казахстан

Теоретические основы подготовки педагогов-психологов для развития познавательной деятельности подростков

Основная проблема: в статье определены актуальные направления ее развития путем проведения теоретического анализа философских, педагогических, психологических, научно-методических работ по подготовке специалистов для развития познавательной деятельности подростков. В настоящее время показано, что подготовка специалистов по развитию познавательной активности подростков является педагогической и психологической проблемой.

Цель: уточнить теорию и предложить технологию подготовки педагогико-психологических специалистов по развитию познавательной активности подростков.

Методы: При проведении исследования важно было учитывать статистические данные, которые были достаточно понятными и достоверными. Поэтому в рамках нашего исследования мы использовали методику В. Е. Мильмана, опрос, метод экспертной оценки, беседу, анкетирование, интервьюирование, серию тестирования, которые включали наблюдение и открытые вопросы.

Результаты и их значимость: по результатам методики преобладание среднего уровня социального интеллекта позволило увидеть у студентов следующие признаки: социальную значимость профессионального поведения, действий, отношений, полноценную овладение теоретическими знаниями. В ходе курса мы считаем, что существование рефлексивной культуры, о чем свидетельствует улучшение общения в повседневной жизни, в свою очередь, очень ценно.

Развитие мышления, подготовка и воспитание будущих педагогов-психологов, подготовка к творческой деятельности зависят от методической компетентности, квалификации и подготовки педагога в организации исследовательской деятельности. Потребности и навыки самообучения не возникают сами по себе. Такие качества начинают формироваться в процессе организации учебной деятельности при совместной работе учителя и учащихся на уроке и вне урока еще во время обучения в школе.

В соответствии с задачами профессиональной подготовки будущего педагога-психолога активные методы обучения - проблемные лекции, семинары, дебаты и дискуссии, профессионально-ориентированные спецкурсы, курсовые и дипломные работы, научные исследования школьной педагогики и дидактики, образовательные проводятся такие мероприятия, как научно организованные формы непрерывной педагогической практики. В результате овладения педагогической деятельностью формируется профессиональная мотивация будущих педагогико-психологических специалистов, вырабатывается понимание целей и задач, предметные, психолого-педагогические и дидактико-методические знания, а также соответствующие навыки и умения, необходимые для развития познавательной деятельности подростков.

Ключевые слова: педагог-психолог, подростковый период, познавательная деятельность, профессиональная подготовка, высшее учебное заведение, подготовка будущих специалистов.

Sh.K. Abaeva^{1*}, A.K. Kunduzkairova²

¹General education secondary school № 62 named after Nazira Torekulova of Shymkent city, Kazakhstan,

²Innovative University of Eurasia, Kazakhstan

Theoretical Basis of Training of Pedagogues and Psychologists

for the Development of Cognitive Activity of Teenagers

The main problem: the current directions of its development are determined in the article by conducting a theoretical analysis of philosophical, pedagogical, psychological, scientific and methodical works on the training of specialists for the development of the cognitive activity of teenagers. Currently, it is shown that the training of specialists in the development of cognitive activity of teenagers is a pedagogical and psychological problem.

Purpose: to clarify the theory and propose a technology for the training of pedagogical and psychological specialists for the development of the cognitive activity of adolescents.

Methods: When conducting the research, it was important to take into account statistical data that were sufficiently understandable and reliable. Therefore, in the framework of our research, we used the methodology of B. E. Milman, survey, method of expert evaluation, conversation, questionnaire, interview, series of tests, which include observation and open questions.

The results and their significance: according to the results, the methodological predominance of the average level of social intelligence allowed students to see the following signs: the social significance of professional behavior, actions, relationships, full mastery of theoretical knowledge. During the course, we believe that the existence of a reflexive culture, which is evidenced by the improvement of communication in everyday life, in turn, is very valuable.

Development of thinking, training and education of future teachers-psychologists, preparation for creative activity depend on methodological competence, qualifications and training of the teacher in the organization of research activities. Self-learning needs and skills do not arise by themselves. Such qualities begin to be formed in the process of organizing educational activities during the joint work of teachers and students in and out of class, even during school.

In accordance with the tasks of the professional training of the future pedagogue-psychologist, active methods of training - problem-based lectures, seminars, debates and discussions, professional-oriented special courses, course and diploma works, scientific studies of school pedagogy and didactics, educational events such as scientifically organized forms of continuous pedagogical practice. As a result of mastering pedagogical activity, professional motivation of future pedagogical-psychological specialists is formed, understanding of goals and tasks, subject, psychological-pedagogical and didactic-methodical knowledge is developed, as well as relevant skills and abilities necessary for the development of cognitive activity of teenagers.

Keywords: pedagogue-psychologist, teenage period, cognitive activity, professional training, higher education institution, preparation of future specialists.

Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 18.03.2024 ж.